

Маңдағыз

Т.Сәукетаев
ҚИЛЫ ТАҒДЫР

Ә.Оралбаев
ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ
БҮГІНГІ ТЫНЫСЫ

«Соғыстан соң туғандар» антологиясы
Ж.Жақыпбаев
КӨКТЕМГІ ХАТТАР

12
—
2010

Болат
КОРГАНБЕКОВ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ

Хикметтері мен қазақ фольклорындағы сабактастық

Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» жинағының қазақ халқының рухани өміріндегі орны өлшеусіз екені көптен бері айтылуда. Бұл үдерістің бірінші кезекте «Диуани хикметтің» қазақ фольклорымен байланысынан көрінуі тиіс екені де шындық. Бірақ осы байланыстардың ғылыми дәлелдері бүтінгі күнге дейін көпшілік назарына ұсынылмай келеді.

Зерттеушілердің көпшілігі айтып жүргендей, «Диуани хикметтің» әуел баста дала өмірімен біте қайнасқан ортаға бағышталып жазылғаны күмән тузызбайды. Негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы түркілер үшін жыл он екі ай мектеп-медресе қабырғасында жаппай діни білім алу мүмкіндігі бола қоймады. Алайда, бұл ортада осы олқылықтың орнын толтырарлық құндылықтар да болды. Олар – халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ауыз әдебиеті. Әсіреле, ауызша поэзия кез келген ақпаратты, хабарларды таратуда таптырмас құрал болды. Өз ілімін халыққа көнінен таратуды қөздеген Қожа Ахмет Ясаудің бұл ақыннан да ескерері сөзсіз.

Ясауи хикметтерінен автордың өзі ойша елестеткен оқырманының қарапайым көпшілік болғанын анғару қын емес. Бұл – хикмет тілінің барынша қарапайым болуына және оның ауызша поэзия талаптарымен үйлесім табуына ықпал еткен басты фактор. Өйткені халықтық талғам мен таным аясында қалыптасып, әбден тұрақтанған ауызекі өлең үлгісі ғана жұртшылық арасына кең тарауға бейім болатыны ақиқат.

Қожа Ахмет Ясаудің өз хикметтерін ауызша поэзия дәстүріне бейімдеп шығарғанын танытатын поэтикалық форманың бірі – дыбыс үндестігі. Хикметтерде ассонанс пен аллитерацияның көлбесу және тік түрлері аз кездеспейді. Дыбыстық негізде жасалған көркем тәсілдердің жазба әдебиеттен ғөрі ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жөні бар. «Халық өлеңінде және халық ақындары өлеңінде дыбыс әуезі мен өнмен мінездес, онымен біте қайнасқан. Сөз өнері өү баста есту мүшесіне байланысты дамып өркендеген. Соған сәйкес өлең тармақтары тепе-тен, накпа-нак түсіп, тәртіпті түзіліс пайда болған (әуезділіктің өзі ырғактылықта). Мұның аркасында өлеңнің дыбысталу жүйесі өсем өуенмен көмкерілген. Демек, әуелде өлең шығарудың

негізгі өдіс-амалы ауызша айту болса, ауызша айтылған өлеңді белгілі бір өлшемге салып реттеуші – есту мұшесі» – деген С.Негимов пікірі халықтық поэзияның негізгі ерекшелігінің пайда болу себебін көрсетіп тұр. Өлең өузеділігін арттырудығы ассонанс пен аллитерацияның орны өлшеусіз. Хикмет жолдарында «Токузимда толғанмадым тоғри иолға», – дегендегі аллитерация мен «Отиз иашда отун қылыш күйдирдилар», – деген сияқты ассонанс түрлері жиі көзге түседі.

«Диуани хикмет» пен қазақ фольклорына ортақ тұрақты тіркестер, фразеологизмдер де көп. Олар сөйлеу тілімізде де әбден орнықкан, казіргі күнде кең колданыста деуге болады. Бұлардың дені бізге жазба әдебиетіміздің тарихында алғаш рет «Диуани хикметте» көзіккендіктен, көшпелі орта үшін аса таныс емес, жана, сопылық ілімді насиҳаттау қажеттілігінен туған, сол кез үшін тың тілдік колданыс түрлері болуы ғажап емес деген ойға жетелейді. Шынында да, осы фразеологизмдердің көбінің тың ойлар мен түсініктерді жеткізу, рухани әлемге катысты абстракт ұғымдарды нақтыландырып беру үшін туғаны айқын анғарылып тұрады. Олай болса, жоғарыда айтылған шындыққа жақындығы тағы да айқындала түспек. Бұл мәселеге академик Р.Сыздыкова көбірек назар аударған болатын. Ол «Диуани хикметте» қазіргі казак тілінде жиі колданылатын көптеген фразеологизмдер барын атап көрсеткен. Осы тұрақты тіркестердің басым болігі қазіргі тілімізде де белсенді қолданыста екені дәлелдеуді қажет ете қоймайды. Соңдықтан бұл тіркестердің негізінде «Диуани хикмет» пен қазақ фольклорының байланысын көрсете қою қын. Өйткені бұл тіркестер қазақ фольклорына хикметтерден тікелей емес, ауызекі сөйлеу тілімізден келуі де ықтимал. Соңдықтан бізге сөйлеу тілімізде сирек, тіпті тым аз қолданылатын хикметтердегі фразеологизмдерді теріп алу керек. Ондай тіркестер аз емес. Сонын бірнешеуін көрсете кетейік: медет қылу (Мадат қылыш, илким тутуб алды, достлар), тұн кату (Иол тапай деб башим бирла тунлар қаттым), нәпсісі өлу (Нафис ултурмай таслим фана болмадилар), нағра тарту (Фалам һамма султаным деб нағра тартты), назар қылу (Парту салыб Алла узи назар қылды), фікір қылу (Ата-ана, карыдаш қаян кетти, фикир қыл), тағат қылу (Кече иятмай тағат қылсан, хош даулатым), нұрға бату (Уммат деди ич оташым нұрға батты), бел байлау (Белин бағлаб хак ғишкины махкам тути), қан жұту (Қанлар иутиб Алла дедим, рахим айлади), тәрк ету (Харам, шубха тарқ етибан, иурак дағла), мазар болу (Туркистанда мазар болыб қалдым мана), ұміт тұту (Рахматидін ұміт тутуб келдім мана), өлмей тұрып өлу (тірі өлу) (Иер устида улмас бурун тирик улдим), берік тұту (Алтмыш учда сұннатларин махкам тутуб), бөле жауу (Турлик бала халық устига нағди, достлар), он солына қараяу (Алла дібап неч бакмадиң үн уа солға), бауыры қую (Фишка утиға бағри қую фариял айттар), дидар көру («Уашуқа» деб дидарини курдім мана), өзінен кету (Уздан кетмай ракс уа самағ урмак хата), кадам кою («Албидан» деб иер астиға қадам қойдым), мұрат табу (Хизмат қылған ахир мурад табар, достлар), раушан қылу (Алла нури қабір ичини раушан қылғай), лап үру (Дағуа қылыш ишанлиғини лафин урмас), дария болып тасу (Андин сунра дария болып ташдым, достлар), хак жолына кіру (Хак иолиға кирғанлар, хак дидарин курмишлар), акты қара қылу (Ақни қара қылғанлар: ол тамуғқа кимишлар), қайғы жеу (Ахиретни ғазабидин қайғу иегил), ақылға еру (Факил ирсаң иаранларға хизмат қылғыл «Факил ирсаң иаранларға хизмат қылғыл»), Хадден асу (Фасық уа фажур тули ташиб хаддин ашты). Бұларға жоғарыда бірнеше рет сөз болған жаңнан кешу, жаны қую сияқты тұрақты тіркестерді қосуға болады. Міне, осы тіркестердің фольклорлық туындыларда көрініс табуынан дәлелдер келтірсек, екі шығармашылық арасындағы байланыстың тағы бір қыры ашылмақ. Осы фразеологизмдердің дені қазақ фольклорында кең түрде пайдаланылады.

Фольклорлық шығармалардағы осы тіркестер орын алған жолдардан мысалдар

келтірейік: «Һәрқашан медет қылсын Тәнірім сізге»; «Құдай-а шаһзадаға медет қыл» деп»; «Медет қыл – деді – Жалғыз Бір уа Барым»; «Әулие, пірлер медет қып»; «Гибадат, тағат қылуши ең»; «Нұрга батты сүйегім»; «Бөлөніп нұрга малынып»; «Уа және Жағыпар газыны құшактап назар қылды»; «Құдайым саған назар қылған – деді»; «Көзін Баhtиярга назар қылды»; «Дүға деп назар қылған сізге көзі; Жасында тағат қылмай жолдан азды; «Тағат қылып жалынар ол Мәулаға»; «Барабан, нағра тартып әскер жүрді»; «Нағра тартса жер-көкті тітірентті»; «Тұрады қазды ұстап жаннан кешіп»; «Соған таман тұн қатты»; «Тұн қатып жортуылда көрген кой ма?»; «Ұйқы көрмей тұн қатты»; «Дария судай тасады»; «Көнілі дариядай тасыды енді»; «Дариядай болып тасады»; «Дариядай Құлтай тасады»; «Мысалы дариядай көнілі тасып»; «Ақ істі пара берсе карайтасын»; «Тәуекелге бел байлап»; «Белді бекем байлай көр»; «Қайғысын жастың жемес пе?»; «Уайым-қайғы жеменіз»; «Қайғыланып қан жұттым»; «Қайғыменен қан жұтып»; «Біздей келіні қан жұтты»; «Қайғымен қан бол жұтылды»; «Қара қошқыл қан жұтып»; «Қасіретінен шұршіт, қалмақ қан жұтты»; «Өтірікшінің жаны күйер»; «Ақылың болса ақылға ер»; «Аузынан жалын шығады, Бір перзент деп лап ұрса»; «Танып жүргін, е, балам, Оңың менен солынды»; «Қарадым онды солыма»; «Аспаннан алпыс түрлі жауса пәле»; «Тапты батыр мұратты»; «Әділ жаннан баз кешпей»; «Жаннан кешер құн дүр бүгін»; «Нағыра тартып маған қарап тігілді»; «Нағра тартып сала Рұстем»; «Бел байлап, бір талапқа қадам басты». Мұндай мысалдарды тағы да келтіре беруге болады. Лап ұру тіркесіне назар салсақ, оның тілімізге ертерек енгендігін оның лепіру деген фонетикалық вариантының пайда болғанынан көре аламыз. К.Жубанов пен Ж.Жолаев хикметтегі осы тіркесті «лепіру» деп аударған. Бірақ фольклорлық шығармаларда халықтық сөйлеу тіліндегі вариант емес, дәл хикметтегі нұсқасының пайдаланылуы – бұл шығармаларға тигізген «Диуани хикметтің» тікелей әсері болғандығына дәлел.

Осы орайда, хикметтердегі оқырманды, (тындарманды) есепке алып отырудың да көркемдік мәселелерін шешуге көп женілдік беретін жол екенін айта кеткен жөн. Ұлы сопының жаратқан иесінде жалбарынған хикметтері бұрынғы сопылық поэзия үрдісімен үндесіп жатуы заңды. Ал құнаһар пенделерге, дәруіштерге т.б. нақты тұлғаларға арналған шумактарда сопылық термин-атаулардың азырақ қолданылуы да түсінікті. Оның есесінде, мұндай туындылар халықтық дүниетаным мен тұрмыс-тіршілік көріністерін молырақ бейнелеуге мүмкіндік алады. Осы текстес хикметтердің халықтық поэзияға жақын болмағы да заңды. Осындай хикметтерде халық фольклорына тән формулалық түрлері де байқалады. Мысалы,

Құл Қожа Ахмад, хақ хизматида жан бермаса,

Дехан ирмас кетман шапиб нан бермаса.

Ачилмагай гул гүнчаси нам болмаса,

Нечук гила житаримни билмам, достлар, –

деген шумактың екінші және үшінші тармағы фольклорлық тілдік формулаларды еске түсіреді. Жыр жолдарындағы негізгі айтылып отырған ойдан мағыналық, мазмұндық жағынан оқшауланып тұру – тілдік формулалардың басты ерекшелігі. Сондай-ақ мағыналық дербестігі бар жолдарды қолданып отыру – кара өлендердің де басты белгілерінің бірі. Қазақтың кара өленін фольклорлық жанр ретінде карастырған Б.Уахатов оның 8 ерекшелігінің қатарында осы белгісін де: «Әр шумактың алдыңғы бір не екі жолы негізгі айтылар оймен тікелей байланысты болмайды, сырт тұрады», – деп атап өтеді. А.Сейдімбеков болса, осы пікірдің «байланысты болмайды» деген тұсина келіспеушілік білдіріп, «Қара өлендердегі ой-тұжырым көбінесе дедуктивті формада, яғни силлогизм тәсілімен айтылады. Мұндайда өленнін алғашкы екі жолындағы ой дәстүрлі ұғым жүйесі бойынша екінші бір ойдың образдық,

символдық, емеуріндік айғагы немесе шендеңстірлген постулаттық негізі болып отырады да, сол ой-айғақ өлеңнің үшінші және төртінші жолында айтылар тоқ етер түйін идеяға қызмет етіп отырады», – дейді. Жоғарыда айтылған хикмет жолдарының да негізгі оймен осылайша байланысып тұрғаны күмәнсіз. Бірақ мұндағы образдық салыстыру қарама-карсы, яғни шендеңстірлген мәнде емес, катар қойып, салыстырған түрде болып отыр, демек мұны параллелизм сипатында қарастырмақ ләзім. Сөз болып отырған хикметтегі фольклор формуласын еске түсіретін жолдардың, әсіресе, «Ачилмағай гул ғұнчаси нам болмаса» деген жолдың, жеке-дара алып қарағанда, символға жақындығы көп. Ал осы хикметтегі кайтсем Алла ризалығын табамын деген мазмұнмен байланыста қарар болсак, оның параллелизмдік жүк арқалағанын үғынамыз. Бұның кай-кайсы да фольклор поэтикасын еске түсіретіні анық.

Хикметтер қазактың қара өлеңдерімен тұракты эпитеттер тұрғысында да туыстасады. Қара өлеңдерде дүние үғымы, көбінесе, баяны жоқ деген эпитетпен айқындалып отырады. Дәл осы қолданыс Ясауде де жиі ұшырайды.

Жоғарыда сөз болған хикметте «Баябанда иалғуз қаздик нале қылсам» деген жол бар. Бұл образдың да фольклорлық сипаты мол. Мұндағы шөл дала (баябан), қаз, көңіл-күйдегі нала бейнесі халық епостарында бір-бірімен тығыз байланыста беріледі. Қөптеген халық жырларында қындыққа түскен бас қаһарман туған-туыстарына қаз арқылы сәлем жолдайды. Оның ертегілік негізі айқын. Сөз болған хикметтегі образдар, әсіресе, «Қыз Жібек» жырында айқын тұтастықта беріледі. Бекежанның жасырынып атқан оғынан далада қалған Төлеген көңілдегі наласын қаздарға айтып, еліне сәлем жолдайды. Жалғыз қазды аяныш туғызуши бейне сипатында қолдану – көне түркілердің эстетикалық талғамына сай туған шығармашылық әрекет екенін М. Қашқари жинағындағы «Жалғыз қаздың үні шықпас», – деген мақалға қарап болжауға болады.

Хикметтерде көшпелі тіршілік бейнесін берерлік, казак поэзиясының ерекшелігін танытарлық тілдік образдар да жеткілікті. Қ. Жұбанов пен Ж. Жолаев: «Ботадай анырап қалған боздайды олар» деген бейнелі сөзben ұл, қыздарына «қозым», «ботам», «құлыным» деп тіл қатуларына, ат берулеріне қарағанда, ол кездегі Хожа Ахмет елінің күн көрісінің негізі ауыл шаруашылығы, мал өсіру болғаны байқалады» – дейді. Ал Р. Сыздықова хикметтер тілінің морфологиялық тұлғаларының ішінде есімше мен көсемшеде, үстеулерде, сондай-ақ фразелогизмдерде қыпшактық элементтің басым екенін жазады. Содан болса керек, туыстас халықтардан шыққан ғалымдардың өзі Қожа Ахмет Ясауді қазақ ақыны деп айткан кездері бар. Осыған қатысты Х. Сүйіншөлиев былай дейді: «Татар зияллылары да Йасауді жақсы білген. Әсіресе, мұсылмандар оқығандары ақын сөздеріне ерекше назар салған. Олардың ішінде Ахметті дана ғұлама санағандары да болған. Кейбірі – Ахмет Йасаудей данышпан адамды туғызған қазақ халқына ракмет айтуға тиіспіз деген. Сөйтіп, олар Ахметті қазақ санаған. Мұндай пікірлерді біз «Шора» журналынан кездестірдік».

Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» мен қазақ фольклоры туындыларының тілдік тұрғыдағы байланыстарының бұдан өзге де мысалдары қөтеп табылатыны даусызы. Біз соның ең негізгілеріне ғана көңіл болдік.

